

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т. II, Ч 1 - Б.65-66

## **СӘКЕН СЕЙФУЛЛИННІҢ ҚОҒАМДЫҚ – САЯСИ ҚЫЗМЕТІНІҢ БҮГІНГІ ЗАМАНМЕН ҮНДЕСУІ**

*Сейдулла А.*

XX ғасырдың 20-30 - жылдары қазақ мемлекеттігін нығайту жолында аянбай еңбек етіп, елеулі үлес қосқан зиялы азаматтардың бірі, ақын, жазушы әрі қайраткер – Сәкен Сейфуллин. Кеңестік идеологияның талабына сәйкес бұған дейін С. Сейфуллин өмірі мен істеріне біржақты төңкерісшіл, кеңес өкіметінің қолдаушысы деген баға беріліп келді. Оның елім, ұлтым деген шығармалары, қазақ ұлтының мүддесі үшін атқарған өлшеусіз еңбегі айтылмады, ұлтжандылық келбеті ашып көрсетілмеді. Әсіресе оның неліктен XX ғасырдың 20-жылдары сол кездегі идеологиялық талас-тартыстың ортасында болуы, кейбір замандастары тарапынан үнемі айыптау нысаны болғаны, не себептен репрессияға ұшырағаны айтылмай келді. Қазақстан егемендікке ие болып, тәуелсіздік туын тіккеннен кейін сол жылдары ұлт үшін күрескен азаматтардың есімдері, өмірінің белгісіз тұстары қайта жаңғырды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» кітабында: «Ұлттық сипаттың барлық көріністері үшін тоталитаризм әсіресе апатты болды. Жүздеген және мыңдаған жылдар бойындағы ұлттық тарих оның небір нәзік, небір айшықтарымен қоса соншалықты өрескел озбырлыққа душар болды. Небір кемеңгер билікшілері мен небір ғажайып өнерпаздары бар қазақ даласының нақты тарихы бүкіл дүниені түп-түгел қайта құрудың жаңа доктринасы шеңберінде түк құны жоқ қайдағы бір «жабайы тағылық» ретінде қайта жазылды. Ұлттық сананы қорлап, жер қылған осы содырлы нұсқадан біз әлі арыла алмай келеміз», - деп тарихты танып-білуге таптық әдістің тигізген зардабы турасында жазған еді.

Сәкен Сейфуллин – қазақ әдебиетіне жаңа түр, күрескерлік идея, жанды бейне, көркем образдар әкелген ақиық ақын, ірі қоғам қайраткері, әдебиет зерттеушісі, жазушы – драматург. С. Сейфуллиннің әдеби- сын мақалалары, баяндамалары мен сөйлеген сөздері ұлттың мәдени- рухани өміріне сергек араласқан сыншылдық ойының құнарлығын және пәрменділігін танытады. Оның қаламынан шыққан қай шығармашылық жұмысты алсақ та, ол адам өмірімен, қоғаммен байланысты. Сәкенді қоғамнан алшақ алып қарауға болмайды. Себебі ол – қарапайым халық үшін, ел үшін, оның тағдыры үшін жаны күйген қаламгер. Оның өлеңдерінен ащы

шындық, терең ой көрініп тұрады. Сәкеннің қоғамдық – саяси қызметі қазіргі уақытта, бүгінгі заманда да лайықты орын табар еді. Сәкен сияқты жалынды, сыншыл, сындарлы саясаткер қазіргі заманымызда да ауадай қажет. Осындай ұлы дарындар халқымыздың болашағы үшін тер төгіп, еңбек етері сөзсіз.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. - Алматы: Атамұра, 1999. - 296 б.
2. Кәкішев Т. Сәкен Сейфуллин (Өнегелі өмір). - Алматы, 1999. – 320 б.
3. Кәкішев Т. Дала дауылпазы. Ғұмырнама. - Алматы: Қазығұрт, 2015. - 408 б.
4. Қамалиева К. Сәкен Сейфуллиннің ағартушылық қызметі. - Алматы: Мектеп, 2013. - 94 б.
5. Rezuanova G.K., Tuksaitova, Albekova, Muratbekova, Omarova. Management of students philologists professional competence formation// International Journal of Academic Research Part B; 2014; 6(6), 541-536. DOI: 10.7813/2075-4124.2014/6-6/B.79

*Ғылыми жетекшісі: Ж.М. Төлеужанова*